

Ж. Болатбек, Е. Бахбергенов, 3-курс
Ғылыми жетекшісі: И. Т. Лескина, қылмыстық процесс кафедрасының
оқытушысы
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды
академиясы)

ЗАМАНАУИ ТЕРГЕУЛІК ӘРЕКЕТТЕР

Бәрімізге белгілі, қазіргі таңда ғылым мен техника қарқынды даму үстінде. Осыған орай қылмыстық іс жүргізуді де заман талабына сай өзгерту, Елбасымыз Н. Назарбаевтың Жолдауында көрсетілгендей: «Отыз дамыған елдің қатарына кіру», — мақсатының орындалуына ұмтылудағы қадамдарының бірі болар еді.

Жоғарыда айтылған техниканың дамуын ұтымды пайдаланып, құқық қорғау органдарында іс жүргізудің электронды түріне көшіру, электронды құжат банкіні құру, құжаттарды CD-R дискі түрінде архивте сақтау уақыттың жаңа талаптарымен бірге қадам басудағы тиімді шешім болары анық.

«Электронды іс жүргізу қалай жүзеге асады?» — деген сұраққа жауап беріп көрейік. Электронды құжатты заңдастыру үшін электрондық сандық қолтаңбаны қолдану қажет. Электрондық сандық қолтаңба қағазсыз құжат айналымда дәстүрлі мөрді және қол қоюды ауыстыруға рұқсат етеді. Мөр немесе жазбаша қол қоюдың және қағаз парақтың арасында әдеттегі байланыспен бірге сандық қолтаңбаны құрған кезде электрондық құжат, құпия және ашық кілттердің арасында күрделі математикалық тәуелділік пайда болады. Ол электрондық құжаттың деректемесі, жасанды көшірмеден осы электрондық құжатты қорғау үшін арналған.

2012 жылдың сәуір айының соңынан бастап ЭСҚ-ны жаңа жеке куәліктерге орналастыру пилоттық жобасы іске қосылған болатын. Жеке куәлікке ЭСҚ кілттерін орналастырудың басымдылығы оның қауіпсіз сақталуында, бұл жерде жабық кілттің көшірмесін жасау мүмкін болмайды. Жеке куәлік жоғалған жағдайда ЭСҚ-ны пайдалану мүмкін емес, себебі бұл үшін PIN-код (банктік картаға ұқсас) білу қажет.

Ал жеке куәлікті компьютерлерге қосу үшін Smart Card Reader-лерді қолдануға болады. 2012 жылдың мамыр айының басында «AKNUR Security» компаниясы ACR38U-I1 және ACR38U-N1 картридерлерінің үлгілерін ресми түрде таныстырды және оларды қазірдің

өзінде еліміздің "Технодом" және "Белый Ветер" ірі сауда жүйелерінің сатылымынан табуға болады.

Келесі қарастыратын мәселе, процессуалдық құжаттарды дискі түрінде архивте сақтау. CD-R және DVD-R дискилерінің сақталу мерзімі жайлы әртүрлі ақпараттар бар. Орташа есеппен алғанда 50-75 жылға дейін сақтауға болады. Ең бастысы күн сәулесінің және ылғалдың тимеуі, оның қызмет етуін біршама ұзартады. Екінші жағынан тиімділігі, сақтау үшін көп орын қажет етпейді және керек болған жағдайда ақпаратты көшіріп алуға мүмкіндік береді. Осы айтылғанға сүйенетін болсақ дискі түрінде ақпарат сақтау томдаған құжаттардың орнын басып, сақтау тиімділігін арттырып, ақпараттың қол жетімділігін біршама арттырады деген ойдамыз.

Құжаттарды дискі түрінде сақтайтын архивтерде арнайы электронды құжат банкі құру, яғни, процессуалдық құжаттардың сақтау базасын құру. Барлық электрондық құжаттарды осы банкте сақтап, керек болған жағдайда, архивтің орталық компьютері арқылы, ақпаратты лауазымды тұлғалардың белгілі рұқсатпен көруге мүмкіндік алуы.

Қортындылайтын келетін болсақ, болып жатқан жаһандану процесінде Қазақстан прогрессивті идеалдар қоғамы болуға тиіс. Кезінде іс жүргізу қолмен жазу, қолмен теру құрылғылары көмегімен жүргізілсе, қазір компьютер, басып шығарғыш арқылы, яғни, әр кезеңнің өз талабына сай жүргізілуде. Ал біз ұсынып отырған шара қазіргі заман талабына сай және қылмысты қудалаушы орган мен лауазымды тұлғалардың қызметін жеңілдетудегі бірден-бір шешім екендігіне сенімдеміз.